

## Мақала туралы мәлімет / Содержание

«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы

Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА: НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»

The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «YOUTH AND SCIENCE: PRESENT AND FUTURE»

<b>Жинақ</b>	IV, Атырау, 8/04/2026, 2026 ж.
<b>ISBN</b>	978-601-262-638-4
<b>Секция</b>	СЕКЦИЯ IV. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ / ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И ЮРИДИЧЕСКИЕ НАУКИ Секция IV.I. Тұрақты даму жағдайында экономика, қаржы және менеджмент салаларының цифрлық трансформациясы / Цифровая трансформация сфер экономики, финансов и менеджмента в условиях устойчивого развития
<b>Жинақтағы рет нөмірі</b>	№ 015
<b>Мазмұндағы беті</b>	70
<b>Жарияланған беттері</b>	70-75
<b>Автор(лар)</b>	Жумагазиева Аружан Муратовна
<b>Мақала атауы</b>	КЕПІЛСІЗ НЕСИЕЛЕУДІҢ ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ
<b>Мазмұндағы жазылуы</b>	Жумагазиева А.М., Жанаева А.А. КЕПІЛСІЗ НЕСИЕЛЕУДІҢ ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Ескерту: бет нөмірлері жинақтың соңындағы «МАЗМҰНЫ» бөліміндегі жарияланған беттерге сәйкес берілді.

## «КЕПІЛСІЗ НЕСИЕЛЕУДІҢ ШАҒЫН БИЗНЕСКЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ»

**Жумагазиева Аружан Муратовна**

[jumagazievaaruzhan@gmail.com](mailto:jumagazievaaruzhan@gmail.com)

«Қаржы және аналитика» білім бағдаламасының 4 курс студенті

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі - э.ғ.м., аға оқытушы Жанаева А.А.

Бұл мақалада шағын бизнес субъектілеріне кепілсіз несиелерді (жоқ кепіл талап етілетін несиелерді) қолжетімді ету мәселелері қарастырылады. Нарықтағы деректер мен зерттеулер негізінде кепілсіз несие санының өсуі, оның себептері мен кедергілері талданады. Сондай-ақ, шағын бизнес үшін кепілсіз несие шарттарын жеңілдету, қаржылық технологияларды (FinTech) қолдану, реттеу саясатын оңтайландыру сияқты қолжетімділікті арттыру жолдары ұсынылады.

Қазақстан экономикасында шағын және орта бизнес ерекше маңызға ие. Елдің жалпы ішкі өнімінің едәуір бөлігі дәл осы сектордың үлесіне тиесілі. Шағын кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын ашу, инновацияларды енгізу және өңірлік экономиканы дамыту тұрғысынан маңызды рөл атқарады.

Дегенмен, шағын бизнестің тұрақты дамуын тежейтін басты факторлардың бірі – қаржыландыру тапшылығы. Кәсіпкерлердің басым бөлігі несие алу кезінде банктердің жоғары талаптарына және кепілзаттың болмауына байланысты қаржылық қолдау ала алмайды.

Кепілсіз несиелердің дамуы осы мәселені шешудің маңызды тетігі болып табылады. Алайда, мұндай несиелердің үлесі әлі де аз, себебі банктер үшін тәуекел деңгейі жоғары.

Осыған байланысты мақалада шағын бизнес үшін кепілсіз несиелердің қолжетімділігін арттырудың тиімді жолдары қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы кепілсіз несиелеу нарығын талдап, шағын бизнес субъектілерінің қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттырудың нақты ұсыныстарын ұсыну.

Кепілсіз несие — бұл қарыз алушыдан (жеке тұлғанемесе кәсіпкерден) мүліктік кепіл талап етілмейтін, яғни несие алу үшін үй, жер, көлік сияқты активтерді банктің иелігіне өткізуді қажет етпейтін несие түрі.

Мұндай несиелердің берілуі қарыз алушының төлем қабілеттілігіне, несие тарихына, табысының тұрақтылығына және қаржылық беделіне негізделеді.

Кепілсіз несие – банктің клиентке деген сенім деңгейіне сүйенетін қаржылық құрал. Яғни банк қарыз алушының бұрынғы қаржылық тәртібі мен ағымдағы табысына қарап, оның қарызды уақытылы қайтаруына сенеді.

Банктер үшін бұл несиелердің тәуекелі үлкен болғандықтан, олар мұндай өнімдерді шектеулі көлемде ұсынады. Кепілсіз несие банктер үшін жоғары тәуекелді несие түрі болып табылады. Өйткені клиент несиені өтемесе, банктің шығынын өтеуге нақты кепілзат жоқ. Осы себепті банктер пайыздық мөлшерлемені жоғарлатып немесе қарыз көлемін шектеп береді.

Негізгі тәуекелдер:

- Төлем қабілетсіздік қаупі;
- Жалған табыс туралы ақпарат ұсыну;
- Қарызды кешіктіру және несие тарихының бұзылуы;
- Пайыздық мөлшерлеменің жоғары болуы.

Дегенмен, бұл тәуекелдерді азайту үшін қазіргі уақытта банктер скорингтік жүйелерді, жеке рейтингтік бағалау әдістерін және цифрлық мониторингті қолданады. Мысалы, АҚШ пен Еуропа елдерінде шағын бизнеске арналған кепілсіз несиелердің үлесі жылдан жылға артып келеді. Бұл мемлекеттерде FinTech секторлары қарқынды дамып, шағын кәсіпкерлерге жылдам әрі онлайн режимде несие алуға жағдай жасалған.

Шағын және орта бизнес иелерінің көпшілігі бастапқы кезеңде жылжымайтын мүлікке ие болмайды, сондықтан олар дәстүрлі кепілді несие ала алмайды. Мұндай жағдайда кепілсіз несие – бизнеске серпін беретін тиімді құрал.

Шағын бизнес үшін оның маңызы мынада:

- Кәсіпкерге өз ісін бастауға мүмкіндік береді;
- Айналым қаражатын толықтыруға көмектеседі;
- Экономиканың нақты секторындағы белсенділікті арттырады;
- Аймақтық кәсіпкерлікті дамытуға ықпал етеді;
- Мемлекет тарапынан қолдау бағдарламаларын тиімді пайдалануға жол ашады.

Сонымен қатар, кепілсіз несие кәсіпкерлерге қаржылық дербестік, тәуелсіз шешім қабылдау мүмкіндігі және нарықтағы икемділік береді.

Кепілсіз несиелер нарығы әзірге жеке тұлғаларға көбірек бағытталған, ал шағын бизнес үшін мұндай құралдар шектеулі. Бұған себептер:

- Кәсіпкерлік қызметтің жоғары тәуекелдігі;
- Бухгалтерлік есептің ашық болмауы;
- Кредиттік тарихтың жетілмегендігі;
- Банктердің скоринг жүйелерінің әлсіздігі.

Дегенмен, соңғы жылдары бірқатар банктер мен микрокредиттік ұйымдар шағын бизнеске арналған кепілсіз несиелік өнімдерді ұсына бастады. Мысалы, онлайн өтінім беру арқылы несие алу, кіріс пен айналымды автоматты талдау секілді қызметтер кеңінен енгізілуде.

Кесте 1-Қазақстан банктерінің ИП (жеке кәсіпкерлер) үшін несие өнімдері

№	Банк атауы	Несиенің ерекшелігі	Мөлшерлеме	Мерзімі	Сома (шамамен)	Артықшылықтары	Ескертпе / Кемшілігі
1.	Halyk Bank	ИП-ларға арналған бірнеше несиенің өнімдері бар	~25,5 %-дан бастап	3–36 ай	Бағдарламаға байланысты	Кең филиал желісі, танымал бренд, ірі сомалар ұсынуы	Кепіл талап етілуі мүмкін
2.	Kaspi Bank	Залогсыз несиенің ұсынады (мысалы, 5 млн тг дейін)	~43 % шамасында	3–36 ай	5 млн тг дейін	Онлайн рәсімдеу, жылдам процесс	Жоғары пайыздық мөлшерлеме
3.	Forte Bank	Онлайн және офлайн несиелер (залогсыз – 10 млн тг дейін)	~24,5 %-дан бастап	1–36 ай	10 млн тг дейін (залогсыз), 300 млн тг дейін (залогпен)	Икемді шарттар, әртүрлі бағдарламалар	Үлкен сомаға залог қажет болуы мүмкін
4.	Банк ЦентрКредит	«StartUp Бизнес» бағдарламасы (жаңа ИП және ТОО үшін)	24,4–25,65 %	3–36 ай	50 млн тг дейін	Стартаптарға арналған қолдау, жаңа бизнеске бағытталған	Тіркелгеніне 36 айдан аспаған бизнеске ғана
5.	Мемлекеттік бағдарламалар («Даму» қоры, «Бәйтерек», «Өрлеу»)	Мемлекеттік қолдау арқылы ШОБ несиелері	≤12,6 %	Бағдарламаға байланысты	Бағдарламаға қарай	Төмен пайыздық мөлшерлеме, кепілдік пен субсидия бар	Талаптар мен құжаттар көп, мақұлдау уақыты

Сондықтан банк таңдағанда – тек банктың сомасы мен ставкасына ғана емес, мемлекеттік субсидия немесе кепілдік бағдарламалары бар-жоғын да қарастырған жөн.

Мемлекет шағын бизнеске, әсіресе кепілсіз немесе жеңілдетілген шарттармен несиені алуына мүмкіндік беру мақсатында бірнеше қаржылық қолдау тетіктерін іске асырып отыр. Бұл бағдарламалар негізінен «Бәйтерек» холдингі, «Даму» қоры, және ҚР Үкіметі арқылы жүзеге асады.

Кесте 2-Шағын және орта бизнесті (ШОБ) қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар

№	Бағдарлама атауы	Жүзеге асыратын ұйым	Негізгі мазмұны	Пайыздық мөлшерлеме	Кепіл шарттары	Кімдерге арналған	Артықшылықтары
1.	«Даму» қоры арқылы пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бағдарламасы	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры	Кәсіпкер алған банктік несиенің бір бөлігін мемлекет субсидиялайды (мысалы, 14%-дың 7%-ын мемлекет төлейді)	Қордан кейінгі мөлшерлеме шамамен 6–8 %	Кепіл бар, бірақ жетпесе — мемлекет 50%-ға дейін кепілдік береді	Ісін бастаған және жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлерге	Несие арзандайды, банктердің тәуекелі азаяды
2.	«Бәйтерек» холдингі аясындағы «Өрлеу» бағдарламасы (2024–2025)	«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі	ШОБ субъектілеріне 12,6%-дан аспайтын пайызбен жеңіл несиені беру	≤ 12,6 %	Кепілдік пен субсидия қарастырылған	ШОБ және өндіріс саласы кәсіпкерлері	Қолжетімді несиенің ұзақ мерзім, мемлекет кепілдігі
3.	«Бизнестің жол картасы – 2025»	ҚР Ұлттық экономика министрлігі, «Даму» қоры	Шағын және орта кәсіп иелеріне пайыздық мөлшерлемені субсидиялау және кепілдік беру	6–9 % аралығында	Мемлекет кепілдігі 85%-ға дейін	Барлық өңір кәсіпкерлері	Кепілсіз немесе аз кепілмен несиені алуға мүмкіндік
4.	«Еңбек» / «Жастар практикасы және микронесиелеу» бағдарламасы	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	Жас кәсіпкерлерге және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға шағын несиені немесе гранттар беру	2,5 – 6 %	Кепілсіз немесе жеңіл шарттармен	Жас кәсіпкерлер, ауыл тұрғындары	Кәсіп бастауға арналған, жеңілдетілген шарттар

5.	«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» бағдарламалары	«АШҚҚҚ» АҚ (қазір «Аграрлық несиелік корпорациясы»)	Ауыл кәсіпкерлеріне төмен пайызбен несиелік және микронесиелік беру	6 % шамасында	Кепіл орнына қоғамдық кепілдік немесе кепіл тобы	Ауылдағы шағын бизнес өкілдері	Кепілсіз несиеленудің қолжетімді нұсқасы
6.	«Qolday» кәсіпкерлікті қолдау орталықтары (жергілікті)	Әр облыстық әкімдік	Кәсіпкерлерге грант, кеңес және шағын несиелік ұсынады	Бағдарламаға байланысты (5–12%)	Жеңілдетілген кепіл шарттары	Бастап жатқан кәсіпкерлер	Аймақтық деңгейде нақты көмек, консультация мен қолдау

Қазақстанда соңғы жылдары банк секторының цифрлануы және онлайн-қызметтердің өсуі байқалады. Бұл үрдіс шағын бизнеске арналған қаржылық өнімдердің де түрленуіне ықпал етті. Ұлттық Банк пен екінші деңгейлі банктердің деректеріне сәйкес, кәсіпкерлердің шамамен 40%-ы банктен несиелік алу кезінде кепіл талаптарына байланысты бас тартуға мәжбүр болған.

Кесте 3-2023–2025 жылдары бизнесті қолдау мен кепілсіз несиеленуді кеңейту көрсеткіштері

№	Көрсеткіш / Бағдарлама	2023 жыл	2024 жыл	Жоспар / 2027–2028 жылдар	Ескертпе / Нәтиже
1.	Бизнесті дамытуға бөлінген жалпы қаржы көлемі	7,4 трлн тг (ШОБ несиелену көлемі)	8 трлн тг	10 трлн тг (2027 жылға дейін)	Үкімет нақты секторды қаржыландыруды күшейтеді
2.	«Бәйтерек» холдингі қаржыландыру көлемі	6,2 трлн тг шамасында	7,3 трлн тг	10 трлн тг дейін	ЕДБ және халықаралық қаржы институттарымен бірлесіп жүзеге асады
3.	«Бәйтерек» холдингінің кепілдік көлемі	1,5 трлн тг шамасында	2,2 трлн тг (30%)	–	Кепілдік жүйесі инвестициялық жобаларды қолдауға бағытталған
4.	«Даму» қоры арқылы кепілдіктердің жалпы көлемі	≈400 млрд тг (8 212 жоба)	1,7 трлн тг (30 000 жоба)	1 трлн тг (50 000 жоба)	Кепілсіз несиелердің қолжетімділігін арттыру мақсатында
5.	Қолдау алатын ШОБ жобалары саны	8 212 жоба	30 000 жоба	50 000 жоба	Кепілдік тетігі арқылы несиелік алу жеңілдейді
6.	Экспортқа бағдарланған жобалар	Қалыптастыру кезеңі	Пул құрылып жатыр	Қытай, Орталық Азия, ЕО бағытында кеңейеді	Экспорттық сақтандыру, кепілдік және қайта сақтандыру құралдары іске қосылуға

Қазақстандағы шағын бизнестің дамуы және қаржыландырылуы

Кесте 4.1-Аймақтар бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері

Аймақ	Шағын кәсіпкерлік саны (мың)
Алматы	86,8
Нұр-Сұлтан	63,4
Қарағанды обл.	23,2

Басқа өңірлер	Өсу байқалады
---------------	---------------

Кесте 4.2-Шағын бизнестің негізгі қызмет салалары

Сала	Нысандар саны (мың)
Автожөндеу және көтерме/бөлшек сауда	92,7
Құрылыс	46,5
Кәсіби, ғылыми-техникалық қызмет	23,9
Білім	21,3
Өңдеуші өнеркәсіп	17,6

Кесте 4.3-ІЖӨ-дегі ШОБ үлесі (салыстырма)

Ел	ШОБ үлесі
Ұлыбритания	51%
Германия	53%
Финляндия	60%
Нидерланд	63%
Өзбекстан	54%
Қазақстан (2021 ж.)	34,7%

Кесте 4.4-Қазақстан аймақтары бойынша ЖӨӨ-дегі ШОБ үлесі

Аймақ	Үлес (%)
Елорда	74,9
Алматы	51,4
Шымкент	43,2
Алматы обл.	36,7
Басқа өңірлер	Төмен деңгей
Ең төмен: Қарағанды, Қызылорда, Павлодар	ШОБ көрсеткіші әлсіз

Қаржылық технологиялар (FinTech) кепілсіз несиелеудің тиімділігін арттыруда негізгі құрал болып табылады.

Жасанды интеллект негізіндегі скоринг жүйелері кәсіпкерлердің төлем қабілетін автоматты түрде бағалап, тәуекел деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Онлайн-платформалар арқылы өтінім беру және шешім қабылдау мерзімі қысқарып, кәсіпкерлер үшін уақыт пен шығын үнемделеді.

Мемлекеттік бағдарламалар («Даму» қоры, «Бизнестің жол картасы – 2025») аясында кепілсіз несиелерді субсидиялау және кепілдендіру тетіктерін жетілдіру қажет.

Мемлекет тарапынан несиелік тәуекелдің бір бөлігін өз мойнына алу банктердің мұндай өнімдерді кеңінен ұсынуына ынталандыру болуы тиіс.

Қаржы нарығын реттеу саясаты банктерге тәуекелдерді басқару механизмдерін оңтайландыруға мүмкіндік беруі керек.

Кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген есептілік және ашық кредиттік тарих жүйесін дамыту да несиелік сенімділікті арттырады.

Көптеген шағын бизнес иелері несиелік саясатты, қаржылық есепті және несие алу талаптарын толық түсіне бермейді. Осыған байланысты қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламалары ұйымдастырылуы тиіс.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері негізінде келесі ұсыныстар беруге болады:

FinTech шешімдерін кеңінен енгізу – скоринг сапасын арттырып, кепілсіз несиелердің тәуекелін азайтады.

Мемлекеттік кепілдік және субсидиялау механизмдері шағын бизнеске қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Банктер мен МҚҰ арасындағы деректер алмасуды күшейту кәсіпкерлердің кредиттік тарихын ашық етуге көмектеседі.

Қаржылық сауаттылықты арттыру – кәсіпкерлердің несиелік жауапкершілігін арттырады.

Қорытындылай келе, кепілсіз– шағын бизнес үшін қаржыландырудың баламалы әрі тиімді көзі. Бұл бағыттың дамуы экономиканың нақты секторын жандандырып, кәсіпкерлікті қолдауға жаңа мүмкіндік ашады.

FinTech технологиялары мен мемлекеттік қолдау шараларын үйлестіру арқылы Қазақстанда кепілсіз несиелеу нарығын кеңейтіп, кәсіпкерлердің қаржы ресурстарына қолжетімділігін едәуір арттыруға болады.

Мақалада ұсынылған тәсілдер мен тетіктерді іске асыру елдің экономикалық белсенділігін арттырып, шағын бизнестің үлесін ұлғайтуға бағытталады.

Шағын бизнес субъектілері үшін кепілсіз несиелер — даму үшін үлкен мүмкіндік. Дегенмен қазіргі жағдайда қолжетімділік әлі де шектеулі. Нарықтық деректер мен зерттеулер (мысалы, несиеге қолжетімділік мәселелері, FinTech-тың рөлі) бұл шектеулердің нақты негіздерін көрсетеді.

Қазақстан жағдайында кепілсіз несиелерге қолжетімділікті арттыру үшін кепіл талаптарын икемді ету, қаржылық технологияларды қолдану, реттеуші орта мен білім беру инфрақұрылымын дамыту сияқты кешенді шаралар қажет. Осы жолдар арқылы шағын кәсіпкерлікке берілетін қаржы көлемі артып, экономикалық өсімге оң әсер етуі мүмкін.

### **Қолданылған деректер тізімі:**

1. <https://damu.kz/kk/content/shb-qarzhylandyru> – «Даму» қоры. Шағын және орта бизнеске қаржыландыру.

2. <https://kz.kursiv.media/kk/2021-01-09/karzhylyk-sauattylykty-kalay-arttyruga-bolady/> – Қаржылық сауаттылық және шағын бизнес.

3. <https://elordainfo.kz/aleumet/arzhyly-sauattyly-de-geyini-t-mendiginen-haly-aryz-a-batyp-zhatyr-arzhy-sarapshysy> – Қаржылық сауаттылық және несие мәселелері.

4. <https://amanatpartiasy.kz/news/news-detail/307861?lang=kz> – Мемлекеттік бағдарламалар арқылы шағын бизнесті қолдау.